

Бастауыш әдістемелік бірлестігінің отырысы
хаттамасы №1

2023ж 28 тамыз

Күн тәртібі:

1. ҚР Білім Министрлігінің 2022-2023 ж әдістемелік Нұсқау хатымен таныстыру; біріңғай талаптар.
2. 2022-2023 оқу жылы бірлестік жоспарын қарастыру, талқылау;
3. Жылдық күнтізбелік ТЖБ, БЖБ жоспарларын талқылау;
4. 4-ші сыныптар бойынша ББЖМ жоспарларын талқылау;
5. Олимпиадаға дайындық, білім сапасын көтеру жұмыстары
6. Пән апталығының өту кезеңін жоспарлау.
7. Пән мұғалімдерімен ҚМЖ талқылау

Тыңдалды

Әдістемелік бірлестік жетекшісі Жүсіпбекова Г «2022-2023оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өтті. 2022ж 27 тамыздағы №382 бұйрықтағы ҚМЖ талаптар туралы түсіндірілді, 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрықтағы ББЖМ талаптары туралы түсіндірілді.

2022-2023оқу жылындағы бірлестік жоспарын таныстырып, отырыстардағы қаралатын мәселелер, жоспарланған іс шаралар талқыланды.

Күнтізбелік жоспарда 2022-2023оқу оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен №382 бұйрықты басшылыққа алу керектігі айтылды. БЖБ ТЖБ жоспарын, кестесін, көркем еңбек, музыка, дене шынықтыру, пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейтіндігі туралы айтылды. 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрықтағы ББЖМ туралы түсіндіріліп құжаттар тізбесі айтылды .

1. ББЖМ бойынша нормативтік құқықтық құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығы;
2. ББЖМ-ны ұйымдастыру және өткізу үшін жасаған мектепшілік бұйрық
3. Мектептің ББЖМ бойынша жасалған жұмыс жоспары.
4. ӘБ жетекшілері мен мұғалімдерінің жұмыс жоспары, өтілетін сабақ кестесі.
5. Психологтардың жұмыс жоспары, хаттамасы;

6. Білім алушылардың білім жетістіктеріне дайындық мониторингін жүргізу бойынша ЭБ отырысында және мектептің педагогикалық кеңесінде қаралғандығы туралы хаттама ;
7. ББЖМ жүргізу бойынша сыныпта бұрыштама жасау.
11. ҰБДҚ -мен сәйкестендірілген 4, сынып оқушыларының тізімі;
12. Компьютердің интернет жылдамдығы мен компьютерлер саны;
13. Оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша жинақталған тапсырмалар жиынтығы.
- Білім сапасын көтеру жұмыстарының жоспары талқыланды. 1-4 сынып оқушыларымен дайындық жұмыстарын күшейту туралы айтылып, бастауыш мұғалімдерінің жұмыс жоспарымен таныстырды.
- 2022-2023 оқу жылында 382 бұйрықты басшылыққа ала отырып, ұзақ мерзімді жоспар мен қысқа мерзімді жоспарды күнделік кз жүктеу керектігі түсіндірілді.

Қаулы етті:

1. ҚР Білім Министрлігінің 2022-2023 ж әдістемелік нұсқау хаты мен №382 бұйрықты басшылыққа алу әр мұғалімнен талап етілсін.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығы басшылыққа алып төртінші сынып мұғалімнен талап етілсін.
3. Олимпиадаға дайындық ,білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.
4. Пән апталық жоспары бекітіліп, іс шаралар ұйымдастырылсын
3. Әр сабақ бойынша №382 бұйрықты басшылыққа ала отырып, ҚМЖ жазу мұғалімдерге міндеттелсін.

Бірлестік жетекшісі: Жусіпбекова Г

